

**Ақсу қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 73/1 "Ақсу қаласының және Ақсу қаласы ауылдық округтерінің аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 қарашадағы № 979/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 қарашада № 7617-14 болып тіркелді

Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақсу қаласының және Ақсу қаласы ауылдық округтерінің аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Ақсу қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 73/1 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7195 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жана редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 12-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақсу қаласының әкімі*

*Б. Шарипов*